

Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне тістерін протездеуге әлеуметтік көмек ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 71 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 18 сәуірде N 1619 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 30 маусымдағы N 177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.06.30 N 177 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27-бабы 1-тармағы 17) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заңы 20-бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне тістерін протездеуге әлеуметтік көмек ұсынудың қоса берілген Ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

Ескерту. 2, 3, 4 тармақтар алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 46 қаулысымен

5. Денсаулық сақтау департаменті Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектерінің тістерін сапалы протездеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 5-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М. К. Мырзалинға жүктелсін.

Ескерту. 6-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2006 жылғы 12 сәуірдегі
N 71 қаулысымен бекітілген

Ескерту. Тақырыпқа өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылар мен мүгедектеріне тістерін протездеуге әлеуметтік көмек ұсыну ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне тістерін протездеуге әлеуметтік көмек ұсынудың осы Ережесі (бұдан әрі-Ереже) оны беру тәртібі және шарттарын р е т т е й д і .

Ескерту. 1-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

2. Тістерді протездеуге әлеуметтік көмек Солтүстік Қазақстан облысы аумағында тұрақты тұратын және тістерін протездеуге мұқтаж Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне беріледі.

Ескерту. 2-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 141 қаулысымен

3. Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:
әлеуметтік көмек- Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне тістерін протездеуге бағытталған әлеуметтік көмек түріндегі халықты әлеуметтік қорғаудың бір н ы с а н ы ;

Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектеріне тістерін протездеуге әлеуметтік көмек тағайынадау және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар б ө л і м д е р і ;

тістерді протездеуді іске асыратын ұйым (бұдан әрі-ұйым)- тістерді протездеу қызметіне лицензиясы бар медициналық ұйым.

Ескерту. 3-тармақ өзгертулер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы

4. Алушы қайтыс болған жағдайда тағайындалған әлеуметтік көмек оның мұрагерлеріне төленеді.

5. Әлеуметтік көмек тістерді протездеудің (бағалы металдардан, металлды керамикадан басқа) құны мөлшерінде тағайындалады.

2. Әлеуметтік көмек тағайындаудың тәртібі

6. Ұлы Отан соғысының сондай-ақ, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға қатысушылары мен мүгедектері тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады

- 1) қоса берілген үлгідегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) мәртебені куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі.
- 5) тістерді протездеу құны туралы ұйымнан шот-фактура.

7. Салыстырып тексеру үшін әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

8. Уәкілетті орган қызметкерлері құжаттардың көшірмелерін куәландырады, өтінішті қоса берілген құжаттармен тіркеу журналында тіркейді.

9. Уәкілетті орган істі қалыптастырады және өтініші алған күннен он күн ішінде әлеуметтік көмек тағайындау не болмаса бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

3. Төлеу тәртібі

10. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге тізім-ведомосін 2 данада ж а с а й д ы .

11. Әлеуметтік көмекті төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк филиалдары және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің лицензиясы бар "Қазпошта" АҚ арқылы азаматтардың жеке шоттарына енгізу жолымен іске асырылады.

12. Екінші деңгейдегі банктер немесе "Қазпошта"»АҚ ақылы қызмет көрсету шарты негізінде алушылардың ашық жеке шоттарына сомалар енгізуді іске а с ы р а д ы .

13. Әлеуметтік көмек төлеу 06-2-451-007-000 "Азаматтардың мұқтаж санаттарына жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша аудандық және қалалық бюджеттер қаржатынан жүргізіледі.

4. Әлеуметтік көмектің уақытылы тағайындалуы үшін жауапкершілік

14. Әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті тағайындаудың және оны төлеудің дұрыстығы мен уақытылығы үшін осы Ережеде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

15. Әлеуметтік көмекті тағайындаудың және төлеудің дұрыстығын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Е р е ж е г е қ о с ы м ш а

_____ ауданы (қаласы)
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастығы

Өтініш

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Мәртебесі _____
Мекен-жайы _____
СТН _____
Есеп шотының нөмірі _____

Бөлімше _____

Маған тістерімді протездеуге әлеуметтік көмек тағайындауыңызды сұраймын .

Қ о с ы м ш а с ы _____ б е т т е
200__ жылы " __ " _____
(өтініш берушінің қолы)

Ө т і н і ш
200__ жылы " __ " _____
(өтініш қабылдаған адамның
Т.А.Ә. және қолы)